

Жалағаш кентіндегі жекелеген көшелерін қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш кенті әкімінің 2010 жылдың 04 ақпандағы N 256 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 16 ақпанда N 10-6-139 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес кент халқының пікірін және Жалағаш ауданы әкімі жанындағы консультациялық–кеңесші орган комиссия мәжілісінің 2009 жылғы 22 маусымдағы N 1 хаттамасын ескере отырып

ШЕШЕМІН:

1. Жалағаш кентіндегі:

- 1) Алғабас көшесі Алдаберген Бисенов атындағы көше болып;
 - 2) Кооперативная көшесі Тілек Әбжалиев атындағы көше болып;
 - 3) Қазақстанның 60 жылдығы көшесі Айтбай Қазыбеков атындағы көшесі болып
- қ а й т а а т а л с ы н .

2. Кент әкімінің орынбасары М.Ибраев осы шешімді іске асыру жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Кент әкімі

А. Дармбаев